

## Практикалық тапсырма:

1. Тыңдалым және айтылым дағдыларын анықтамасымен сәйкестендір.

- |   |
|---|
| <p><b>a) Тыңдалым</b><br/><b>b) Айтылым</b></p> |
|---|

- 1) Рецептивті дағды - a)
- 2) Продуктивті дағды - b)
- 3) Мәтінді мағыналық тұрғыдан қабылдау
- 4) Вербалдық қарым-қатынасқа түсу

Білгенің жөн!

Тыңдалым – ақпаратты мағыналық тұрғыда қабылдауға бағытталған сөйлесім әрекетінің рецептивті түрі.  
Айтылым - вербалдық қарым-қатынас арқылы жүзеге асатын сөйлеу әрекетінің продуктивті түрі.

2. Тыңдалым мәтіндері қалай таңдалу қажет? Негізгілерін белгіле.
  - a) Лексикалық тақырып +
  - b) Грамматикалық тақырып
  - c) Тыңдалым бойынша оқу мақсаты +
  - d) Тыңдалым ресурстары
  - e) Оқушының жас ерекшелігі +
  - f) Оқушының білім деңгейі
  - g) Оқушының тілдік деңгейі +

Білгенің жөн!

Тыңдалым материалын таңдау барысында төрт нәрсе басшылыққа алынады, ол сынып бойынша ұсынылған лексикалық тақырып пен оқу мақсаттары, оқушының жас ерекшелігі мен тілдік деңгейі.

3. Тыңдалым мәтінінің оқылымнан айырмашылығы неде? Үшеуін белгіле.
  - a) Оқушылар үшін мәтіндегі ақпарат қызықты емес.
  - b) Аудиомәтіннің жылдамдығы барлық оқушы үшін бірдей.+
  - c) Оқушылар үшін мәтіндегі ақпарат жаңа, оларға таныс емес.
  - d) Оқушылардың мәтінді қабылдау деңгейі әртүрлі.+
  - e) Оқушылар мәтінді бірінші тыңдағанда толық түсіне алмайды.+

**Оқылым мәтінімен жұмыс барысында оқушы өз жылдамдығына сай оқуға және мәтін тақырыбы мен суреттері арқылы оның мазмұнын түсінуге мүмкіндігі бар. Ал тыңдалым мәтінімен жұмыс барысында оқушы мүмкіндігі шектеулі.**

4. Мәтінмен жұмыс кезеңдерін тапсырма түрлерімен сәйкестендір.

1. Мәтіналды тапсырма
2. Мәтінмен жұмыс тапсырмасы.
3. Мәтіннен кейінгі тапсырма.

- a) Мәтіннен негізгі ақпараттарды белгіле. - **2**
- b) Мәтіннен автор пікірін білдіретін сөз тіркестерін тап. - **2**
- c) Жаңа сөздердің мағынасын сөздіктен анықта. - **1**
- d) Мәтінді тыңдап, негізгі идеяны анықта. - **2**
- e) Мәтін бойынша өз ойыңды ортаға салып, талқыла. - **3**
- f) Суреттер арқылы мәтінге болжам жаса. – **1**.
- g) Мәтіндегі ақпараттарды пайдаланып, пікір жаз. – **3**.

Білгенің жөн!

Мәтінмен жұмыс кезеңдерін қатаң сақтау, сабақты жүйелі ұйымдастыруға және оқушыға мәтіндегі ақпаратты дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді.  
Мәтіналды тапсырма кезеңі: ой шақыру, сөздікпен жұмыс;  
Мәтінмен жұмыс кезеңі: мәтін идеясы мен негізгі ақпараттарды анықтау;  
Мәтіннен кейінгі тапсырма: айтылым не жазылым тапсырмалары, грамматикаға арналған жаттығулардан құралады.

**5. Оқылым - ...**

- a) рецептивті дағды (қабылдаушы)+
- b) продуктивті дағды (өнім шығарушы)

Білгенің жөн!

Оқылым – рецептивті дағдылар қатарына жатады. Ол жазба тіліндегі мәтінді түсінуді білдіреді

**6. Мәтінде көтерілетін тақырып туралы жалпы ой бөлісу жұмысы қай кезеңде жүзеге асырылады?**

- a) оқылымалды кезеңі+
- b) оқылым кезеңі
- c) оқылымнан кейінгі кезең

Білгенің жөн!

Мәтінде көтерілетін тақырып туралы ой бөлісу мәтіналды тапсырма кезеңінде ұсынылады. Себебі осы тақырып аясында оқушының не білетіні анықталып, мәтінді түсіну үшін қандай да бір ақпарат беруге мүмкіндік беріледі.

**7. Мәтіннің жалпы мазмұнымен танысу жұмысы қай кезеңде жүзеге асырылады?**

- a) оқылымалды кезеңі
- b) оқылым кезеңі+
- c) оқылымнан кейінгі кезең

Білгенің жөн!

Оқылым кезеңінде. Себебі бұл кезеңде оқушы мәтінмен танысып, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.

**8. Мәтіндегі ақпаратқа баға беру жұмысы қай кезеңде жүзеге асырылады?**

- a) оқылымалды кезеңі
- b) оқылым кезеңі
- c) оқылымнан кейінгі кезең+

Білгенің жөн!

Оқылымнан кейінгі кезеңде. Себебі оқушы мәтін мазмұнымен толық танысқаннан кейін жеке тәжірибесімен байланыстырып, өз пікірін білдіргені дұрыс.

